

Қазақстан дамудың жаңа даңғыл жолына түсті. Күн өткен сайын еліміз рухани-мәдени жағынан түлеп, еңсесін тіктеп келеді. Әлем таныған елге айналдық. Халық пен биліктің арасы жақындай түсті. Еститін хәм тындайтын өкімет құруға бет бұрдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көтерген «Жаңа Қазақстан» идеясы ауқымды реформалар мен оң өзгерістерге негіз қалап, тың мүмкіндіктер мен заманауи үрдістерге кеңінен жол ашты. Жаңару мен жаңғыру жолы ел Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауында да жан-жақты айтылып, жарқын болашаққа қадам жасайтын жасампаз жоспарларымыз бен кешенді бағдарламалар айқындалды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – <https://www.kaznu.kz> еліміздің ең ірі ғылыми және білім беру орталығы. Біздің терең тарихымыз, оқытушылар мен ғалым-дарымыздың ғылыми әлеуеті, білім алушы жастарымыздың біліктілігі – университеттің жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің негізі, қайнар көзі.

Бүгінде белгілі QS WUR жаһандық рейтингтік зерттеу қорытындысы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> әлемдік деңгейдегі топ -200 университеттің ішінде бүгінгі таңда 150- орынға табан тіреді. Бұл – ірі жетістік, үлкен қуаныш. Біздің оқу ордамыз бұндай жоғары мәртебеге әбден лайық. Бұл жетістік ҚазҰУ-дың әрбір оқытушысы мен студентіне мақтаныш сезімін ұялатары сөзсіз. Осындай серпілісті қадам, шын мәнінде, университеттің құрылымдық тұрғыдан кешенді жаңғыртылуы мен басқару жүйесінің

## БІЛІМ – БОЛАШАҚ КЕПІЛ

нәтижеге иек артуы және жетістіктерді рейтингтік бағалау неғұрлым тиімді болғанын көрсетеді. Әлемнің жетекші университеттерінің үлгісі бойынша ҚазҰУ-де эксперименттік білім беру бағдарламалары әзірленді, жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бағдарламалар енгізілді, олардың көпшілігі халықаралық талаптарға сай сынымалардан өткізілді. Статистикалық деректер ҚазҰУ ғалымдарының мақалалары Thomson Reuters және Scopus компанияларының халықаралық деректер базасында тіркелетін шетелдік рейтингтік басылымдарда ең көп жарияланатынын көрсетті. Осындай жоғары нәтижеге жетудің басы-қасында ең алдымен профессор-оқытушылар және ғылым-білімге құштар жастар мен университетіміздің басшылық құрамытұр. Осы орайда, айта кететін бір жайт, Философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы өзінің көпжылдық тарихында педагогикалық қызметке деген оң көзқарасын ешқашан бәсеңсіткен емес, бәсеңсітпейді де. Заман талабына сай білім беру бағытында, ғылымның әр саласында бәсекеге қабілетті жас мамандар даярлауда педагог-психолог мамандар қажеттігі анық аңғарылады. Педагог-психолог мамандығының басты міндеті – әлемнің гуманитарлық бағыттағы кәсіби келбетін айшықтау болып табылады. Ол жалпы адамзаттық құндылықтардың жаршысы педагог-психологтардың болашақта атқаратын игі істерінің алғышарттарына болжам жасайды. Мұндай маман

несі оқу пәнімен, оқытушылардың алдында оны түсіндіру әдіс-тәсілдерімен айналысатын оқытушысы ғана емес, сондай-ақ, ол зиялы ғалым, білім алушының ішкі сұхбатына белсенді жауап беріп, өз үнін жеткізуші өсиетті сөздің иесі. Білімнің гуманизациялануы мен білімді терең меңгеруге бағытталған, кәсіби мамандығына ықпал ететін, адами мәдениетті игеруіне, университеттегі білім берудің оңтайлы кәсіби мақсаты болашақ маманнан жан-жақты тұлға қалыптастыру болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ -де «Педагог-психолог» мамандарын дайындау барысында оларды іргелі және кәсіби білім-білігіне, күнделікті құбылып тұратын еңбек нарығының жағдайына және кәсіби талаптарға жылдам бейімделе алатын болашақ маманды іріктеп алады. Философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы Президент тапсырмасына сәйкес келешекте елге тұтқа болар жастардың сапалы білім алып, кәсіби маман санатына қосылуына бар күш-жігеріміз бен тәжірибемізді жұмсай отырып, кәсіби әлеуетке ие жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандар дайындайды, білім алушылардың жаңа заман талабының үдесінен шыға алатын, интеллектуалды жоғары маман қалыптастыру жолында аянбай еңбек ете береді.

**Молдасан Қ.Ш., пед. ғыл. кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті; Рамазанова С.Ә., пед. ғыл. магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы; Төлеуғазиева Ж., Чинтасова А., Тәңірберген Ұ. Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 4 курс студенттері**

## Менің университетім – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан тәуелсіздік алу үшін сан ғасырлар бойы талпыныс жасады. Мемлекетіміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ата-бабаларымыздың алдында бәріміз мәңгілік қарыздармыз. Сондықтан, біздің ойымызша, еліміздің жетекші университеті – университетіміздің қалыптасу тарихын, оның ғылыми-білім беру дәстүрлерін, университеттің ғылыми-педагогикалық әлеуетін арттырудағы және жалпы алғанда, әлеуметтік-экономикалық дамудағы ролін зерттеу. Қазақстанның экономикалық дамуы мұғалімдерге де, студенттерге де қажет. Университеттің жетістіктері ғалымдардың, зерттеушілердің, оқытушылардың бірнеше буынының қажырлы еңбегінің арқасында қалыптасты. Олардың әрқайсысының өмірі мен шығармашылығы есте сақтауға, еліктеуге тұрарлық. Сондай тұлғалардың бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Факультет құрамындағы «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының ғалым-ұстаздары, профессор Н.С.Әлқожаева басқарып, көптеген ғылым докторлары мен кандидаттары және PHD жас ғалымдар әлі де университет игілігіне қызмет етіп келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> – Қазақстан Республикасы жоғары білім беру жүйесінің жетекші оқу орны, бірінші болып мемлекеттік аттестациядан өтіп, барлық мамандықтар мен деңгейлер бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын растайды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстан университеттерінің жалпы рейтингінің көшбасшысы, ел тарихындағы тұңғыш Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері, «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» дипломының иегері. Сапалы өнім мен қызмет көрсету саласындағы жетістіктері үшін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыйлығы. Бұл университет Халықаралық университеттер қауымдастығының мүшесі және Еуразия университеттері қауымдастығының тең құрылтайшысы бола отырып, Қазақстан және Орталық Азия елдері университеттерінің арасында бірінші болып Болонья қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды, халықаралық сертификаттаудан сәтті өтті. Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ISO 9000:2000 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі үшін және әлемнің ең ірі сертификаттау орталықтарынан – IQNET халықаралық сертификаттау жүйесінен сертификаттар алды. Жоғары білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігіне одан әрі кіруге, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға, оларды өндіріске енгізуге бағытталған университеттің орасан зор білім беру, ғылыми, рухани-ағартушылық, инновациялық және өндірістік әлеуеті бар.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ <https://www.kaznu.kz> – бізге сан алуан мамандықтарды ұсынатын тұтас оқу-ғылыми кешен.

Университетте 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, технопарк; 2 мыңнан астам профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары мен философия докторлары, 100-ден астам ірі академиялардың академигі, 40-тан астам Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері, 40-қа жуық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік және атаулы сыйлықтарының лауреаттары және 40 жас ғалымдар сыйлығының лауреаты, 47 мемлекеттік ғылыми стипендияның стипендиаты. Университетте студенттер мен магистранттар көп деңгейлі жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алуда. Университет бірлескен халықаралық оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, студенттер алмасу және тағылымдамадан өту үшін әлемнің 418 ірі халықаралық университетімен ынтымақтасады.

Университет құрамындағы Философия және саясаттану факультеті еліміздің қоғамдық-әлеуметтік саласына қажетті мамандарды дайындауда орасан зор жетістіктерге жетіп отырған факультеттердің бірі болып саналады. Факультет құрамындағы 7 кафедрада республикаға танымал ғалымдар, білікті мамандар қызмет етеді. Факультеттегі іргелі кафедралардың бірі педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында «Педагогика және психология» мамандығында білім алып жатқанымды мақтан тұтамын.

**«Педагогика және психология» мамандығының студенті Ыбырай Рабей, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы куратор-эдвайзер Рамазанова С.Ә.**

Біздің университет үшін ағымдағы оқу жылы өте табысты болды:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемнің ең үздік 150 университеттің қатарына енді. «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісіне ие болған ҚазҰУ – Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ішінде және әлемдегі бар Түркі елдері академиясының ең үздік оқу орны.

Шетелдік қандастарға, қазақ жастарына атамекенге оралып, ана тілінде білім алып, алға қойған мақсаттарыңызды жүзеге асырғысы келген, ҚазҰУ-ды тандаса үлкен мүмкіндікке ие болады. Біздің университет, кафедра туралы толық ақпаратты ҚазҰУ-дың сайтынан [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) және мына байланыс телефондары бойынша біле алады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2020 жылға дейін БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының ғаламдық хабына жетекшілік етті болды. Бұл шешім біздің университеттің тұрақты даму саласындағы басшылық қызметінің табыстары мен нәтижесінің негізінде қабылданды. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті – үлкен де тату ұжым. Факультеттегі 9-10 ай оқу кезінде тыңдаушылар тек бір-бірімен танысып, достасып қана қоймай, әсем табиғатымен, қонақжайлылығымен өзгені өзіне баурап алатын Қазақстан мен университетке әбден бауыр басып қалады.

### ҚАЗҰУ-ДЫҢ ЖОО-ҒА ДЕЙІНГІ ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ – ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ҮЛКЕН МҮМКІНДІККЕ ЖОЛ АШАТЫН ҰЖЫМ

Дайындық факультетіне шетелдік жастар қандай мақсатпен, не үшін келеді? Әрине, қазақ немесе орыс тілдерін, кейде екі тілді қатар үйренуге, сонымен бірге қазақстандық ЖОО-ларға оқуға түсу үшін дайындалуға келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесінің 27.02.2009 жылғы № 4 шешімімен 10.02.2009 жылғы ректордың № 20 бұйрығына сәйкес кафедра өз жұмысын жаңа бағытта бастады. Кафедрада оқу-әдістемелік бюро және эдвайзерлік кеңес жұмыс істейді. Негізгі мақсат – кешенді тестілеуге дайындау. Оқу үдерісінде 3 негізгі пән: Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және тыңдаушылардың таңдаған мамандықтарына сәйкес физика, химия, биология, география, жалпы тарих, қазақ әдебиеті, т.б. пәндер оқытылады.

Олардың осы мақсат-мүдделеріне қол жеткізу үшін факультет оқытушылары қажетті білім берумен қатар, біздің университеттің кез келген факультетіне оқуға түсуге мүмкіндік беретін, тілдік және әлеуметтік жағдайға бейімдейтін, көп ұлттар мекен ететін Қазақстанның мәдениетімен, тарихымен, салт-санасымен, әдеп-ғұрпымен таныстыратын арнайы бағдарламалар жасаған және курстар бар.

Компьютерлік сыныптарда, интербелсенді тақталы дәрісханаларда қазіргі заманауи компьютер бағдарламаларымен жұмыс істеуге, лингофон кабинетінде тыңдалым бойынша тіл ұстарту сабағын өткізуге, ал шағын бейнезалда оқу үдерісіне қатысты бейнефильмдерді көруге және «Радио және теледидар тілі» курсы бойынша жаттығу, білім дағдыларын бекіту жұмыстарын ұйымдастыра алады.

Курстардың академиялығы мен олардың қол жеткімділігі көптеген шетелдіктердің қызығушылығын оятып, құлшынысын арттырады. Факультет оқытушылары тыңдаушыларды Алматының және біздің университет мұражайларына апарып, дәстүрден тыс мәдени-танымдық қызықты сабақтар мен тарихи жәдігерлерге толы Қазақ елінің рухани байлығымен, ұлттық құндылықтарымен кеңінен танысуға, зерделеуге үлкен мүмкіндік беретін саяхаттар, жорықтар ұйымдастырады. Ұстаздар тыңдаушылармен тығыз байланыста: оқу жылының ағымы бойында сабақта да, сабақтан тыс уақытта да өз шәкірттеріне көмектесуге әрқашан даяр тұрады. Шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде жыл сайын студенттер тарих, география, аймақтану, әдебиет пәндері бойынша баяндама жасайтын ғылыми-практикалық конференциялар өткізіліп тұрады.

2001 жылдан бері шет елдердегі қазақ диаспорасы өкілдерін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуге дайындап, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселесін жүзеге асырып келген кафедра ұжымы 2010 жылдан бастап Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан және Ауғанстан Республикасының білім беру саласындағы өзара ынтымақтастық туралы келісім негізінде АИР тыңдаушыларына да мемлекеттік бағдарлама бойынша білім беруде.

Біздің университетте орталықтандырылған бірегей қызмет көрсету «Керемет» орталығы бар. «Кереметте» оқу-өндірістік үдеріске және студенттік кезеңдегі уақытша тіркеуге, қажетті медициналық көмек пен тексерілуге қатысты барлық құжаттарды ресімдей аласыздар. Қазақтың қара шаңырағы атанған ҚазҰУ – жоспарларын орындауына мүмкіндік беретін, үлкен табыстарға бастайтын, жарқын болашаққа жол ашатын бірегей оқу ордасы.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұстаздары Наралиева Р.Т., Амангелдіқызы Н., Бегалиева А.К.**